

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) арасындағы ФАО-ның Қазақстан Республикасындағы Байланыс және әріптестік жөніндегі бюросын құру туралы келісімді ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 4 шілдедегі № 175-VI ҚРЗ.

2015 жылғы 23 мамырда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) арасындағы ФАО-ның Қазақстан Республикасындағы Байланыс және әріптестік жөніндегі бюросын құру туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н. НАЗАРБАЕВ*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҰЙЫМЫ (ФАО) АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ФАО БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ӘРІПТЕСТІК ЖӨНІНДЕГІ БЮРОСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (бұдан әрі - ФАО) Кеңесі жүз қырық төртінші сессиясында қабылдаған шешімдерді орындау үшін:

- i. ФАО Байланыс және әріптестік жөніндегі бюросын құру;
- ii. Қазақстан Республикасына (бұдан әрі - Ел) техникалық жәрдемдесу қызметтерін көрсету;
- iii. және Қазақстан-ФАО Әріптестік Бағдарламасын дамыту үшін Келісім жасасуға ниет білдіре отырып,

бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап Анықтамалар**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай анықтамалар пайдаланылады:

- i. "Бюро": ФАО Байланыс және әріптестік жөніндегі бюросы;
- ii. "Бас директор": ФАО бас директоры және ол болмаған кезде Бас директордың орынбасары немесе ол өзінің орнына тағайындаған кез келген лауазымды адам;

iii. “ФАО-ның лауазымды адамдары”: жергілікті жерде жалданған және сағаттық негізде сыйақы алатын техникалық персоналды қоспағанда, азаматтығына қарамастан, Бас директор тағайындаған немесе оның атынан тағайындалған ФАО-ның барлық қызметкерлері;

iv. “мүлік”: ФАО-ға тиесілі немесе ФАО-ның өз жарғылық функцияларын орындауы мүдделерінде оның иелігіндегі немесе басқаруындағы ақша қаражатын, кірісін және басқа да активтерді қоса алғанда, бүкіл мүлікті білдіреді;

v. “Үкімет”: Қазақстан Республикасының Үкіметі;

vi “іссапарға жіберілген мамандар”: ФАО мүдделерінде міндеттерді орындайтын, ФАО-ның лауазымды адамдары болып табылмайтын адамдар;

vii. “Бюроның басшысы”: ФАО Байланыс және әріптестік жөніндегі бюросының басшысы және ол болмаған кезде оның уәкілетті Орынбасары;

viii. “Ел”: Қазақстан Республикасы;

ix. “ФАО”: Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы.

## **2-бап Жалпы ережелер**

1. Тараптар Қазақстан Республикасында ФАО Байланыс және әріптестік жөніндегі бюросын құру туралы келісті.

2. Бұдан өзге, Бюроны қаржыландыруға және оған үй-жайлар беруіне қатысты айқын уағдаластықтар осы Келісімде белгіленетін болады.

3. Тараптар ынтымақтастықты Қазақстан-ФАО Әріптестік бағдарламасы аясында, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын II-қосымшаға сәйкес жүзеге асыруға келісті.

## **3-бап Бюроның қызметі**

1. ФАО мандаты халықтың тамақтану сапасын және өмір сүру деңгейін арттыруды, өндіріс тиімділігін жақсартуды және барлық азық-түлік және ауыл шаруашылығы өнімдерін бөлуді қамтамасыз етуді, ауыл халқының тыныс-тіршілігі жағдайын жақсартуды және осылайша, әлемдік экономиканы кеңейтуге және адамзаттың аштықтан бостандығын қамтамасыз етуге қосатын үлесін қамтиды.

2. Бюро функциялары мыналарды:

i. Елдің ФАО-ның ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлердегі қызметі мен бағдарламаларына қатысуын Үкіметтің үйлестіруін;

ii. азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және кедейшілікті жоюға қатысты ресурстарды ұсыну арқылы, сондай-ақ халықаралық даму және ынтымақтастық жөніндегі ұйымдармен қарым-қатынастарды кеңейту арқылы Ел мен ФАО арасындағы ынтымақтастыққа арналған мүмкіндіктерін кеңейтуді;

iii. азық-түлік қауіпсіздігін басқаруға, технологияларды беруге, оқытуға және ғылыми зерттеулерге байланысты мәселелер бойынша алмасуларға жәрдемдесу мақсатында, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және балық аулау саласындағы ғылыми-техникалық ақпаратқа қолжетімділікті жетілдіру үшін жеке сектормен, ғылыми мекемелермен, азаматтық қоғам ұйымдарымен және үкіметтік емес ұйымдармен әріптестік қарым-қатынастарды ілгерілетуді;

iv. Елде орналасқан халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты және әріптестік қарым-қатынастарды ілгерілетуді;

v. ғаламдық азық-түлік қауіпсіздігін қолдау және ауыл шаруашылығын, орман шаруашылығын және балық аулауды дамыту үшін өзге де келісілген қызмет түрлерін жүзеге асыруды қамти алады.

#### **4-бап ФАО-ның болған елінде қатысуы**

1. ФАО халықаралық негізде жұмысқа қабылданған Елдегі Бюро басшысын тағайындайды және оның бөлімшесіне оның функцияларын орындауда оған жәрдем көрсету үшін қажет болуы мүмкін қызметкерлерді береді.

2. Елдегі Бюро басшысын тағайындағанға дейін ФАО Үкіметтің мақұлдауына оның атын хабарлайды және оның қысқаша өмірбаяндық анықтамасы мен өзге де тиісті қажетті ақпаратты береді. Сондай-ақ ФАО қызмет орны бойынша Бюро басшысымен бірге тұратын отбасы мүшелеріне қатысты ақпаратты Үкіметке уақтылы ұсынады.

3. ФАО Үкіметке өзі Бюрода жұмыс істеуге жолдауды ұсынатын барлық шетелдік қызметкерлер туралы тиісті ақпаратты береді. Бюроның ФАО оның қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет деп санайтын осындай өзге де қызметкерлері болады. Қажет кезінде ФАО Үкіметке қызметкерлердің және қызметкерлердің отбасы мүшелерінің тегін, қызметтік міндетін және мұндай адамдардың мәртебесінің өзгергені туралы мәліметтерді хабарлайды.

4. Үкімет ФАО-ның иелігіне үй-жайды өтеусіз ұсынады, ал ФАО осы Келісім күшіне енген кезеңнен бастап және оның қолданысы мерзімінде оған орналасады және жабдықты, офистік жиһазды және Бюроның жұмысы үшін жарамды, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын I-қосымшаға сәйкес өзге де объектілерді пайдалануына қабылдайды.

5. Үкімет осы Келісімнің тиісінше орындалуын қамтамасыз ету үшін ФАО әкелетін тауарларды және кез келген заттарды жеткізуге жәрдемдеседі.

6. Сондай-ақ ФАО-ның Елдегі өкілі болып табылатын Бюро басшысы оған ФАО Бас директоры берген өкілеттіктер шегінде ФАО-ның Елдегі қызметінің барлық аспектілері үшін жауап береді және ФАО-ның штаб-пәтерін, Еуропаға арналған өңірлік бөлімшесін және Орталық Азияға арналған Субөңірлік кеңсесін қоса алғанда, ФАО-ның басқа да бөлімшелерімен байланысын қамтамасыз етеді.

7. Өз функцияларын тиімді орындау үшін Бюро басшысының Үкімет бекіткен рәсімдерге сәйкес Үкіметтің ауыл шаруашылығы, балық және орман шаруашылықтары секторларымен, сондай-ақ осы салаларға қатысы бар ел экономикасының басқа да секторларымен тікелей немесе жанама түрде байланысты саясатты әзірлеу мен жоспарлаудың барлық тиісті деңгейлеріне тікелей рұқсаты болады.

8. Осы Келісім шеңберінде Үкімет және ФАО-ның болған елінің басқа аудандарында/өңірлерінде осы аудандардағы/өңірлердегі бағдарламаларды қолдауды қамтамасыз ету үшін филиалдар құру және оларды ұстау туралы уағдаласа алады.

## **5-бап Құқықтық мәртебесі**

1. Қаржылық бақылаумен, қандай да болмасын қағидалармен және мораторийлермен шектелмей, ФАО-ның мыналарға:

i. ақша қаражатының, алтынының және кез келген валютадағы шоттарының болуына және оларды пайдалануға және өзінің иелігіндегі кез келген валютаны кез келген басқа валютаға айырбастауға;

ii. өз ақша қаражатын, алтынын немесе валютасын бір елден екінші елге немесе Қазақстан Республикасының шегінде аударуға құқығы бар.

2. ФАО, оның активтері, кірістері және басқа да мүлкі:

i. ФАО иммунитетінен белгілі бір бас тартуының нақты жағдайларынан басқа, сот араласуының кез келген нысанынан иммунитетті пайдаланады. Сонымен бірге иммунитеттен бас тарту қандай да бір сот-орындау шараларына қолданылмайды деп ұйғырылады;

ii. барлық тікелей салықтардан босатылады. Сонымен бірге ФАО іс жүзінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеуден өзгені білдіретін осындай салықтардан босатуды талап етпейді деп ұйғарылады.

3. ФАО Қазақстан Республикасының аумағында өз мақсатын жүзеге асыру және өз функцияларын орындау үшін қажетті құқықтық қабілеттілікті иеленеді.

4. Үкімет ФАО-ның құқықтық субъектілігін және оның Бюро арқылы шарттық қатынастарға, банктік шоттар ашуға, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алуға және оларды иеленуге және сот талқылауларына бастамашылық жасауға және оларға қатысуға құқықтық қабілетін таниды.

5. Бюроның үй-жайларына және Бюро басшысының резиденциясына қол сұғылмайды. ФАО-ның мүлкі, активтері, шоттары және мұрағаттары, қай жерде және кімнің иелігінде болмасын, тінтуден, реквизициялаудан, тәркілеуден, экспроприациялаудан, тыйым салудан және атқарушылық, әкімшілік, сот немесе заңнамалық әрекеттер шеңберінде араласудың қандай да бір өзге нысандарынан иммунитетті пайдаланады.

6. Үкімет және өзге де уәкілетті органдар Бюроның, оның қызметкерлерінің және іссапарға жіберілген мамандарының қауіпсіздігін және қорғалуын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ сырттан келген адамдардың немесе адамдар топтарының рұқсатсыз кіруінен туындайтын немесе Бюроға тікелей жақын жердегі тәртіпсіздіктер нәтижесінде тынышсыздық келтірілуінен оның қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолданады.

7. Үкімет ФАО-ның Елде кеңес шақыру құқығын таниды. ФАО өткізетін кеңестер барысында Үкімет пікірталастардың абсолютті еркін өткізілуіне және шешімдердің қабылдануына кедергі келтіретін қандай да бір әрекеттерге жол бермеу жөніндегі барлық тиісінше шараларды қабылдайды.

8. Осы Келісімнің ережелеріне нұқсан келтірместен, ФАО өздеріне қатысты қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттері үшін үкім шығарылған немесе қылмыстық қудалау жүзеге асырылатын немесе өздеріне қатысты құзыретті органдар қамаққа алуға немесе экстрадициялауға, жер аударуға немесе депортациялауға ордер берген адамдарды сот төрелігінен қорғауға баспана беру үшін Бюроның үй-жайын пайдалануына кедергі келтіреді.

9. ФАО жарияланымдарды, картиналарды, фильмдерді, бейне және дыбыс жазбаларын қоса алғанда, қызметтік пайдалануға арналған заттарды форматына, электрондық және өзге де нысанына қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағына/аумағынан әкелуге және одан әкетуге кедендік ағымдар төлеуден, сондай-ақ тарифтік емес реттеуден және тыйым салулар мен шектеулерден босатылады. Алайда, заттардың тізімі құзыретті кеден органдарына әкелінуіне/әкетілуіне дейін 30 күннен кешіктірілмей ұсынылатын болады деп болжанып отыр. Үкіметпен келісілген шарттарды қоспағанда, мұндай ерекшеліктермен әкелінген тауарлар Елде сатылуға жатпайды.

10. Ортақ қағидалар ретінде ФАО жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті сатып алу кезінде төленетін бағаға қосылған акциздерден, алымдар мен салықтардан босатуды талап етпейді, дегенмен, Бюро оған қатысты мұндай алымдар мен салықтар қолданылған немесе қолданылатын қызметтік пайдалануға арналған құны едәуір мүлікті сатып алған жағдайда, Үкімет мүмкіндігінше Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес салық немесе алым төлеуден босату немесе оның мөлшерін қайтару үшін тиісінше әкімшілік шаралар қолданады.

11. ФАО-ның осы Келісімге сәйкес Елдің игілігі үшін жүзеге асырылатын барлық қызметіне қатысты Үкімет үшінші тараптың ФАО-ға, оның лауазымды адамдарына және ФАО үшін жұмыстарды орындайтын және қызметтер көрсететін өзге де адамдарға наразылықтарды реттеу үшін жауапкершілікті өзіне алады және олардың осы Келісімге сәйкес олардың қызметіне қатысты жауаптылыққа тартылмауын немесе наразылықтардан бас тартылуын қамтамасыз етеді. Егер Тараптар наразылық немесе жауапкершілік жоғарыда көрсетілген адамдардың шектен тыс ұқыпсыздығының

немесе қаскүнемдік әрекеттерінің салдары болып табылатынына келіссе, жоғарыда жазылған ереже қолданылмайды.

## **6-бап Байланыс құралдары**

1. Бюро ресми қатынастар үшін байланыс құралдарына қатысты қолданылатын басымдықтар, коммуналдық және мемлекеттік салықтар мәселесінде Қазақстан Республикасында Үкіметтің кез келген басқа Үкіметке, оның дипломатиялық өкілдігін қоса алғанда, ұсынылатынынан қолайлылығы кем емес режимді пайдаланады.

2. ФАО-ның ресми хат-хабарына және басқа да ресми хабарламаларына перлюстрация қолданылмайды.

3. ФАО шифрларды пайдалануға және дипломатиялық курьерлер мен вализдерге салыстырмалы иммунитеттер мен артықшылықтарға ие курьер немесе мөрлеген вализ арқылы хат-хабарды жіберуге және алуға құқылы.

4. Осы бапта ешнәрсе Үкімет пен ФАО арасындағы келісім бойынша айқындалатын тиісті қауіпсіздік шараларын қолдануға тыйым салу ретінде түсіндірілмейді.

## **7-бап Лауазымды адамдар**

1. ФАО-ның лауазымды адамдары Біріккен Ұлттар Ұйымының артықшылықтар мен иммунитеттер туралы конвенциясына сәйкес мынадай артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады:

i) лауазымды адамдар ретінде өздерінің айтқаны немесе жазғаны үшін және өздері жасаған барлық іс-әрекеттері үшін сот жауапкершілігінен иммунитетті пайдаланады. Осындай иммунитет олардың ФАО-дағы мақсаты бойынша жұмысы тоқтатылғаннан кейін де сақталады;

ii) ФАО немесе Біріккен Ұлттар Ұйымы төлейтін кез келген нысандағы жалақылар мен сыйақыларға салынатын салықтардан босатылу;

iii) мемлекеттік қызметтік міндеттіліктерден босатылу.

2. Жоғарыда көрсетілген артықшылықтар мен иммунитеттерге қосымша ФАО-ның халықаралық негізде жұмысқа қабылданған лауазымды адамдары Мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияның VI бабына сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

3. Үкімет, қажет болған жағдайда, Бюроның лауазымды адамдарының мән-жайға сәйкес қысқа мерзімдерде визалар алуын қамтамасыз етеді. Бұл ереже іссапардағы мамандардың Елге келуін жеңілдететін құжаттарға қолданылады.

4. ФАО-ның лауазымды адамдары дипломатиялық миссиялар құрамына кіретін салыстырмалы дәрежедегі лауазымды адамдарға берілетін валюта айырбастауға қатысты артықшылықтарды пайдаланады.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында тізбеленген артықшылықтар мен иммунитеттерге қосымша, Бюро басшысы жұбайына және өзінің асырауындағы туыстарына қатысты, әдетте, салыстырмалы дәрежелі дипломатиялық өкілдерге берілетін артықшылықтар мен иммунитеттерді, алып қоюды және жеңілдіктерді пайдаланады. Осы мақсат үшін Елдің Сыртқы істер министрлігі Бюро басшысын Елде аккредиттелген дипломатиялық өкілдердің тізіміне енгізеді.

6. Осы Келісімге ережелері енгізілген артықшылықтар мен иммунитеттер ФАО-ның мақсаттары мен міндеттерін барынша тиімді орындау мақсатында ғана беріледі. ФАО-ның, егер оның пікірінше, осындай иммунитет сот төрелігін іске асыруға кедергі келтірсе және одан ФАО-ның мүдделері үшін нұқсан келтірместен бас тартуға болатын жағдайда, кез келген лауазымды адам иммунитетінен бас тартуға құқығы және міндеттемесі бар.

7. ФАО сот төрелігінің тиісінше іске асырылуына жәрдемдесу, қоғамдық тәртіпті сақтау туралы нормативтік актілердің орындалуын қамтамасыз ету және осы Келісіммен берілетін артықшылықтарды, алып қоюды, иммунитеттер мен жеңілдіктерді теріс пайдалануды болғызбау үшін Елдің құзыретті орындарымен тұрақты негізде ынтымақтастықта болады.

## **8-бап Іссапардағы мамандар**

1. Іссапардағы мамандарға мынадай артықшылықтар мен иммунитеттер беріледі:

- i) жеке басын ұстаудан немесе жеке бағажын қамаққа алудан иммунитет;
- ii) қызметтік міндеттерін атқару кезінде өздерінің айтқаны немесе жазғаны және жасаған барлық іс-әрекеттері үшін сот жауапкершілігінен иммунитет;
- iii) шетелдік өкілдіктердің іссапармен келген лауазымды адамдарына ұсынылатындармен салыстырмалы, валюталық шектеулерден немесе валюта айырбастауға арналған, сондай-ақ жеке бағажына қатысты шектеулерден босатылу;
- iv) кез келген жеке және қызметтік құжаттарға қол сұғылмаушылық;
- v) ФАО-мен хат жазысуда шифрларды пайдалану және курьерлер немесе мөрленген вализдер арқылы құжаттар мен хат-хабарларды алу.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын іссапардағы сарапшылар осы баптың 1-тармағының ii), iv) және v) тармақшаларында көрсетілген иммунитеттерді ғана пайдаланады.

3. Іссапардағы мамандарға артықшылықтар мен иммунитеттер олардың жеке пайдасы үшін емес, ФАО-ның мақсаттары мен міндеттерінің неғұрлым тиімді орындау мақсатында ғана беріледі. ФАО, егер, оның пікірінше, осындай иммунитет сот төрелігін іске асыруға кедергі келтірсе және одан ФАО-ның мүдделері үшін нұқсан келтірместен бас тартуға болатын жағдайда, кез келген іссапардағы сарапшыға берілген иммунитеттен бас тартуға құқығы мен міндеттемесі бар.

## **9-бап Артықшылықтарды теріс пайдалану**

Егер, Үкімет осы Келісімде берілетін артықшылықты немесе иммунитетті теріс пайдалану орын алды деп тапса, осындай теріс пайдаланудың орын алған фактісін анықтау мақсатында Үкімет пен ФАО арасында консультациялар жүргізілуге тиіс, егер сондай факт расталса, онда келешекте қайталануына жол бермеу мақсатында. Егер осындай консультациялар барысында Үкімет пен ФАО үшін қанағаттанарлық нәтижеге қол жеткізу мүмкін болмаса, артықшылықты немесе иммунитетті теріс пайдаланудың орын алғаны не орын алмағаны жөніндегі мәселе осы Келісімнің 13-бабына сәйкес БҰҰ-ның Халықаралық сотының қарауына берілетін болады. Егер БҰҰ-ның Халықаралық соты теріс пайдалану орын алды деп тапса, онда Үкімет ФАО мен Бюроны хабардар еткеннен кейін, теріс пайдаланылған артықшылықты немесе иммунитетті тоқтату құқығын алады.

## **10-бап Рұқсатнама**

1. Елдің мен басқа да құзыретті органдары ФАО-ның лауазымды адамдарына заңды жол жүру құжаты ретінде берілетін Біріккен Ұлттар Ұйымының рұқсаттамаларын таниды және қабылдайды.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының рұқсаттамасы иелерінің визалық сұрау салулары осы адамдардың ФАО жүйесі бойынша іссапарға жіберіледі деген дәлелдемелері болған кезде мүмкіндігінше қысқа мерзімдерде қаралады

## **11-бап Жеңілдіктерге арналған құқық**

Құзыретті органдар Елдің ұлттық заңнамасына сәйкес қызмет орны Ел болып табылатын Бюроға қызмет үшін тағайындалған ФАО-ның лауазымды адамдарының жұбайларына жұмыс істеуге рұқсат береді.

## **12-бап Дауларды реттеу**

Тараптар дауларды өзге жолмен реттеуге келісуін қоспағанда, осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты барлық даулар БҰҰ Халықаралық соттың қарауына беріледі. Келіспеушіліктер болған жағдайда, Тараптар БҰҰ Жарғысының 96-бабына және Статустың 65-бабына сәйкес осы мәселеге қатысты кез келген құқықтық мәселе бойынша БҰҰ Халықаралық соттың консультативтік қорытындысын сұратады. БҰҰ Халықаралық соттың қорытындысын Тараптар түпкілікті деп таниды.

## **13-бап Қорытынды ережелер**



1. Осы Келісім қажетті ішкі рәсімдердің орындалғаны туралы Тараптардың өзара соңғы жазбаша хабарламасы алынған кезден бастап күшіне енеді және қол қойылған күнінен бастап Елдің қолданыстағы құқығына қайшы келмейтіндей жағдайда уақытша қолданылады.

2. Осы Келісім 10 жыл мерзімге жасалады және төменде көзделгендей күшін жойылмаған жағдайда, ұқсас кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады. Алайда кез келген Тарап кез келген уақытта Келісімнің күшін жоюы мүмкін, бұл ретте күшін жою Тараптардың бірі өзінің Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар еткеннен кейін 9 айдан соң күшіне енеді.

3. Осы бапқа сәйкес Келісімнің қолданылуы тоқтатылған жағдайда, Тараптардың қабылдаған міндеттемелері қызметтің ұйымдастырылған түрде аяқталуы, қызметтің тоқтатылуы немесе персоналды шығару, пайдаланылмаған қаржы қаражаты мен мүлікті қайтару, есеп айырысуды аяқтау және персоналға, қосалқы мердігерлерге, консультанттар мен өнім берушілерге қатысты қажетті келісімшарттық міндеттемелерді аяқтау үшін қажет уақыт ішінде өз күшінде қалады.

4. Осы Келісім Тараптардың өзара келісуі бойынша өзгертілуі мүмкін. Өзгерістер осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Хаттама ретінде ресімделеді және осы баптың 1-тармағында көрсетілген рәсімге сәйкес күшіне енеді.

Осыны куәландыру үшін төменде қол қойғандар, Тараптардың ресми тағайындалған өкілдері әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі данадағы осы Келісімге қол қойды. Осы Келісімнің ережелері қарама-қайшы түсіндірілген жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан	Республикасының Біріккен	Ұлттар	Ұйымының
Үкіметі	атынан Азық-түлік	және	ауыл
Қазақстан	Республикасының шаруашылығы	ұйымы	атынан
Ауыл шаруашылығы	министрі ФАО	Бас	директоры
Асылжан	Мамытбеков Жозе	Грациано	да Силва
Қолы:	..... Қолы:	.....	.....
Күні: .....	Күні: .....	.....	.....

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі және Біріккен Ұлттар  
Ұйымының Азық-түлік және  
ауыл шаруашылығы ұйымы  
(ФАО) арасындағы Қазақстан  
Республикасындағы ФАО  
Байланыс және әріптестік  
жөніндегі бюросын құру туралы  
келісімге  
I-қосымша

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ӘРІПТЕСТІК ЖӨНІНДЕГІ БЮРОҒА ЖАРНАСЫ

Бюро

Бюроның үй-жайы және тиісті офистік жабдығы

1. Бюроның үй-жайын Елдің Үкіметі тегін береді.

2. Бюроның үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз үшін Үкімет өзіне мынадай міндеттемелер қабылдайды:

2.1. 20 қызметкері бар офистің қажеттіліктеріне бейімделген, тиісті түрде жабдықталған үй-жайды Бюроның айрықша пайдалануына беру. Осы үй-жай жаңғыртылады және қажет болған жағдайда, ФАО-ның ерекшелігіне сәйкес ФАО жүзеге асыратын және Үкімет бөлген қаржы қаражатымен төленетін тікелей жеткізулер немесе сатып алулар арқылы жабдықталады, олар мыналарды:

А. Үй-жайды:

(i) уақытша персонал мен консультанттарға арналған офистік алаңды қоса алғанда, Бюро қызметкерлеріне арналған офистік үй-жайларды (кемінде 10 бөлме);

(ii) кітапханаға және құжаттама орталығына арналған бөлмені;

(iii) ИТ серверге және жүйелік жабдыққа арналған сенімді қорғалған үй-жайды;

(iv) шамамен 20 қатысушыға арналған мәжіліс залын;

(v) қоймалық үй-жайды;

(vi) 3 машинаға арналған гаражды;

(vii) 20 машинаға арналған тұрақ орынды қамтуға тиіс.

В. Жабдық және жиһаз:

ФАО ұсынған ерекшелікке сәйкес кемінде 20 қызметкерге және мәжіліс залына, кітапхана мен кафетерияға арналған офистік жиһаз (жазу үстелдері, орындықтар, шкафтар, стеллаждар);

i. ФАО ұсынған ерекшелікке сәйкес тікелей телефон желілері (шамамен 10-15 негізгі желі), жеке шағын АТС (коммутатор), факсимильдік аппараты;

ii. ФАО ұсынған ерекшелікке сәйкес ФАО-ның стандарттық бағдарламалық және антивирустық қамтылымымен мониторы бар 15-ке дейінгі дербес компьютерді және 3 портативті компьютерді қоса алғанда, желілік және дара офистік технологиялық жабдық, 5 желілік принтер, бейнеконференциялар өткізуге арналған жабдық, 1 проектор, ғаламдық желіге арналған ажыратқыштар (WAN), қолжетімділікті қорғау жүйесі және көлемді аумақтағы байланыс желісіне арналған авариялық ажыратқыш, сымсыз қол жеткізу технологиясын бүркеу аймағына арналған сымсыз қол жеткізу нүктесі, резервтік көшірмеге арналған тиісті құрылғысы бар 1 сервер және 2 интернетке қосылу нүктесі; [орталықтандырылған сатып алудың басымдығы салдарынан жоғарыда тізбеленген офистік жабдықты Үкімет бөлген қаржы қаражаты есебінен ФАО ұсынуы мүмкін];

iii. ФАО ұсынған ерекшелікке сәйкес 1 өнімділігі жоғары фотокошірме құрылғысы;

iv. 1 автокөлік құралы;

v. ФАО ұсынған ерекшелікке сәйкес ауаны кондиционерлеу және жылыту;

vi. Үкімет, сондай-ақ өзіне тараптардың өзара келісуі бойынша қажет болған жағдайда жөндеу жұмыстарын жүргізу жөніндегі міндеттемені қабылдайды.

Келісілген үй-жай осы Келісім күшіне енгеннен кейін 3 айдан кешіктірілмей ФАО-ның иелігіне берілетін болады.

2.2. Қауіпсіздікпен қамтамасыз ету және осыған байланысты, Бюро Біріккен Ұлттар объектілерін пайдалану кезіндегі қауіпсіздікке қойылатын ең төменгі талаптарға (MOSS) толық сәйкестендіру, әрдайым Бюро да өзгерістер жүзеге асырылғанын Үкімет назарына жеткізу.

Жылдық операциялық шығыстар

3. Бюроның үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Үкімет кеңсе керек-жарақтары мен шығыс материалдарына, жалпы операциялық шығыстарға (байланыс, су, электр) және амортизацияға қаржы бөлуге және бес жылдық кезең үшін офистік жабдықтар мен автокөлік құралдарын ауыстыруға арналған шығыстарды жабуға 300 000 АҚШ доллары немесе БҰҰ-ның ағымдағы айырбас бағамы бойынша есептелген ұлттық валютадағы баламасы мөлшеріндегі жылдық ақша жарнасын біржақты тәртіппен беруге келіседі. Бұл жарна өмір сүру құнындағы өзгерістерді көрсету үшін өзара келісім бойынша кезең-кезеңімен қайта қаралатын болады.

Персонал

Үкімет мынадай персоналды немесе оған ақы төлеуге арналған қажетті қаржы қаражатын ұсынады, Бюро өзіне барлық жалақыларды, әлеуметтік, медициналық және өзге шығыстарды төлеу бойынша міндеттеме алады:

- i. 1 қызметші-бағдарламашы/ассистент;
- ii. 1 әкімшілік қызметші/ ассистент;
- iii. 1 ақпараттық ресурстарды басқару жөніндегі қызметші/ассистент;
- iv. 1 хатшы;
- vi. келушілерді қабылдаушы 1 хатшы/телефонист;
- vii. 2 жүргізуші (Бюро басшысына ФАО берген автокөлік құралы үшін 1 және Бюроға Үкімет берген автокөлік құралы үшін 1).

5. ФАО Үкіметке жоғарыда көрсетілген позициялар үшін лауазымдық міндеттердің сипаттамасын ұсынады. Үкімет осының негізінде үш кандидатты ұсынады, ФАО-ның бағалауына сәйкес ол негізгі біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайларда ФАО олардың біреуін іріктеп алады. Хатшыларға қатысты ФАО қажетті тестілеу өткізуді ұйымдастырады.

6. Елдегі тиісті мекемелердің техникалық персоналының әлеуетін нығайту мақсатында ФАО-ның әрбір халықаралық сарапшысымен командада, тығыз консультацияда жұмыс істеу үшін ФАО Үкіметтен ұлттық кіші техникалық қызметкерлердің барынша мүмкін болатын санын қабылдауға дайын. Үкімет, сондай-ақ өзіне барлық жалақыларды, әлеуметтік, медициналық және олармен байланысты өзге де шығыстарды төлеу бойынша міндеттеме алады.

7. Осы Қосымшаның 4-тармағына сәйкес Үкімет ұсынған персонал үшін олардың айтқанына немесе жазғанына қатысты, сондай-ақ осы Келісім шеңберінде өз функционалдық міндеттерін орындау кезінде жеке құжаттарына қатысты қол сұғылмаушылық сақталады. Мұндай қол сұғылмаушылық персонал үшін ФАО-ның тағайындауы бойынша олардың жұмыс істеу кезеңінде сақталады.

8. Осы Қосымшаның 4-тармағына сәйкес Үкімет жалдаған және уақытша пайдалану үшін ФАО-ға берілген ұлттық персонал Үкімет төлейтін жалақының бөлігіне салық төлеуден босатылмайды.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі және Біріккен Ұлттар  
Ұйымының Азық-түлік және  
ауыл шаруашылығы ұйымы  
(ФАО) арасындағы Қазақстан  
Республикасындағы ФАО  
Байланыс және әріптестік  
жөніндегі бюросын құру туралы  
келісімге  
II-қосымша

## **ҚАЗАҚСТАН-ФАО ӘРІПТЕСТІК БАҒДАРЛАМАСЫ**

Елдің Конституциясын және ФАО-ның Жарғысын және Мыңжылдықты дамыту мақсаттарына (МДМ 1, 7 және 8), атап айтқанда, "2015 жылға қарай қайыршылық және аштықты жартылай қысқарту", "қоршаған ортаның орнықты дамуын қамтамасыз ету" және "даму мақсатында жаһандық әріптестікті қалыптастыру" мақсаттарына қол жеткізу бойынша екі тараптың жалпы міндеттемесін басшылыққа ала отырып,

өзгелердің арасында, Мүше Елдердің талаптарына сәйкес тұрақты даму саласында техникалық көмек және тіршілік етуге қаржы беруді қоса алғанда, ФАО-ның азық-түлік қауіпсіздігі, ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы және орман шаруашылығы және азық-түлік қауіпсіздігі, ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы мен орман шаруашылығы және табиғи ресурстарды жауапты басқару саласына сай келетін нормативтік құқықтық база әзірлеу бойынша мандатты ескере отырып,

Елде және таңдалған елдерде жобаларды іске асыру үшін қаржылық жарналарды беру туралы Үкімет білдірген ниетті ескере отырып және екі тараптың конституциялық көзделген рәсімдерін сақтай отырып; және

Жоғарыда баяндалғанды негізге ала отырып, Үкімет және ФАО, өздерінің тиісті Конституциясы және Жарғысы негізінде, Ел мен ФАО-ға мүше болып табылатын басқа елдердің игілігі үшін мүмкіндігінше өзінің әлеуетін пайдалана отырып, азық-түлік қауіпсіздігін, тағамды, ауыл шаруашылығымен ауылдық жерлерді дамытуды қолдау мақсатында әріптестер ретінде ынтымақтастық жасау ниетін растады.

### **1 бөлім. Анықтамалар**

- i. "ФҚӘБ" Қазақстан-ФАО Әріптестік Бағдарламасын білдіреді;
- ii. "ФАО-СЕК" Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының Орталық Азия елдеріне арналған ФАО Субөңірлік бюросын білдіреді;
- iii. "АШМ" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігін білдіреді;
- iv. "Үкіметтік мекеме" ғылыми-зерттеу институттарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі уәкілеттік берген кез келген мекемені білдіреді.
- v. "Ақша қаражатын аудару туралы шарт" осы Қосымшаға 1-қосымша нысанындағы 3 бөлімнің 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (немесе үкіметтік мекеме) мен ФАО арасында жасалған нақты келісімді білдіреді;
- vi. "Жобалық келісім" 7 бөлімге сәйкес (Міндеттеме және келісу) және осы Қосымшаға 2-қосымша нысанында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (немесе үкіметтік мекеме) мен ФАО арасында жасалған нақты келісімді білдіреді;
- vii. "Басшылық етуші комитет" осы Қосымшаға сәйкес құрылған, саясатты басқаруды және ФҚӘБ үшін және жобаларды мақұлдау үшін жалпы бағыт білдіретін, шешім қабылдайтын органды білдіреді;
- viii. "АРО" мамандар санатының қауымдасқан қызметкерін білдіреді;
- ix. "USD" (АҚШ доллары) Америка Құрама Штаттарының валютасын білдіреді;
- x. "ЫҮБ" Ынтымақтастықтың үкіметтік бағдарламасын білдіреді;
- xi. "БНҚ" Біржақты нысаналы қорды білдіреді;
- xii. "БББ" Бағдарламаға басшылық етуші бөлімшені білдіреді;
- xiii. "SSC" Оңтүстік-Оңтүстік ынтымақтастық бағдарламасын білдіреді.

## **2 бөлім. Мақсаттар және тәсілдер**

1. Қазақстан-ФАО Әріптестік Бағдарламасы (бұдан әрі - ФҚӘБ деп аталатын) ықпал етуді және олардың жәрдемдесу тиімділігін кеңейту үшін Елде және басқа елдерде Мыңжылдықты дамыту мақсаттарына қол жеткізу бағытында АШМ мен ФАО арасындағы өзара іс-қимылды және әрекеттерді нығайтуға бағытталған.

2. ФҚӘБ екі тәсіл негізінде іске асырылатын болады: (i) саяси диалог және (ii) операциялық қызмет. Саяси диалог әріптестіктің негізін құрайды. Ол қызметтің ортақ басым салаларында саяси тәсілдер тұрғысында тиісті әрекеттер арасындағы келісімді жақсартуға үлес қосады. Саяси диалогқа негізделе отырып және тиісті салыстырмалы артықшылықтарға сәйкес ортақ мүддені білдіретін салаларда операциялық сипаттағы ынтымақтастық дамитын болады. Мұндай ынтымақтастық үшін қаржыландыру осы Қосымшаның мәнмәтінінде жүзеге асырылады.

3. АШМ және ФАО әріптестер ретінде азық-түлік қауіпсіздігі, тағам, ауыл шаруашылығы және ауылдық жерлер салаларындағы өздерінің тиісті саясаттары және бағдарламалары туралы бір-біріне хабардар етеді.

### **3 бөлім. Қолданылу саласы және ынтымақтастық сипаты**

1. 2014 жылғы 21 қарашада қол қойылған Елдік негіздемелік бағдарламасында (ЕНБ ) төмендегі басым техникалық салалар анықталған болатын. ФҚӘБ бастапқы фазасы ретінде Елде ФАО-ны іске асыру үшін тиісті жобалар/бағдарламалар құрастырылатын болады. Барлық жобалар мен бағдарламалар әлеуетті арттыру құрамбөлігін қамтитын болады:

a. тағамдық өнімдердің қауіпсіздігі және экологиялық таза тағамдық өнімдерді өндіру;

b. ветеринария және мал шаруашылығы, жайылымды және фитосанитарияны басқару;

c. табиғи ресурстарды тұрақты басқару (су, жер және орман ресурстарын басқару);

d. балық шаруашылығы және акваөсіру;

e. ауыл шаруашылығы статистикасы үшін және деректерді жинақтауға және талдауға байланысты ақпараттық технологиялар.

2. ФҚӘБ қолданылуының географиялық және негізгі саласы АШМ мен ФАО өзара келісуі бойынша кеңейтілуі мүмкін.

3. Басқа елдерде (БҮБ) іске асырылатын жобаларды Елмен қаржыландыру үшін ұсыныстар төмендегі 5 бөлімде келтірілетін Басшылық етуші комитет бекітетін болады

4. Осы бөлімнің 1-тармағында айқындалған басым техникалық салаларға жататын жобаларды және бағдарламаларды іске асыру үшін Ақша қаражатын аудару туралы шарт осы Қосымшаға сәйкес:

i. тікелей ФАО және АШМ арасында; немесе

ii. осы Қосымшаның 1 бөлімдегі анықтамаға сәйкес тікелей ФАО және үкіметтік мекемелердің арасында жасалады.

5. Тараптар кез келген мән-жайларда әр жылдың басында ФАО есебіне аударылатын жыл сайынғы ең төменгі жарна 2,000,000 USD (екі миллион АҚШ доллары) құрайтынына келісті. Қазақстан Республикасының Үкіметі бұл соманы АШМ зерттеу ұйымдары және/несмесе АШМ-ның өзге мекемелерінің бюджеттерінен бөледі. Ақша қаражатын аудару туралы алғашқы шартқа Қазақстан Республикасының Үкіметі және Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) арасындағы Қазақстан Республикасындағы ФАО Байланыс және әріптестік жөніндегі бюросын құру туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) қол қойғаннан үш айдың ішінде АШМ мекемелерінің бірі мен ФАО арасында қол қойылады. Ақша қаражатын аудару

туралы кейінгі шарттар әр жылдың 31 наурызына дейін жыл сайынға негізде қол қойылатын болады. Ақша қаражатын аудару туралы шарт осы Қосымшаға 1-қосымшада келтірілген үлгі нысанға сәйкес болуға тиіс.

6. Бюро Елде ФҚӘБ жалпы үйлестірілуіне жауапты.

7. ФҚӘБ жас ұлттық мамандардың таңдап алынған санын қаржыландыру арқылы ФАО АРО (мамандардың қауымдасқан қызметкерлік санаты) бағдарламасынан пайда алуда Елдің жас мамандарына жыл сайын жәрдемдесе алады.

#### **4 бөлім. Көрсетілетін қызметтер**

1. Көрсетілетін қызметтерге арналған өтінімдер елде осындай өтінімдерге ФАО белгілеген нысанда және рәсімдерге сәйкес Үкіметпен Елдегі Бюро арқылы табыс етуге тиіс. Елдік негіздемелік бағдарламасында (ЕНБ) немесе жоспарлаудың өзге де байланысты құрылымдарына сәйкес өзінің мандаты мен салыстырмалы артықшылығы саласында техникалық жәрдемдесуді береді. Үкімет ФАО-ға өтінім жасау үшін барлық қажетті құралдар мен нақты және байланысты техникалық ақпаратты береді.

2. ФАО қызметкерлері және іссапарда жүрген мамандары өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде Үкіметпен және Үкімет тағайындаған тұлғалармен немесе органдармен тығыз байланыста әрекет етеді. Олар ФАО мен Үкімет арасындағы өзара уағдаластыққа сәйкес өздерінің лауазымдық міндеттері мен көрсететін қызметтерінің сипатына сәйкес Үкімет белгілеген талаптарға сәйкес болуға тиіс.

3. Стипендия алушы ғылыми қызметкерлерді келісілген өлшемшарттар негізінде Үкіметпен ынтымақтаса отырып, осы мақсат үшін ФАО тағайындаған ФАО немесе өзге де мекемелер іріктейді. Ғылыми қызметкерлердің мұндай стипендиялары ФАО-ның ғылыми қызметкерлеріне стипендия тағайындау саясатына және практикасына сәйкес регламенттеледі.

4. ФАО қаржыландыратын немесе ұсынатын техникалық және өзге де жабдықтар, материалдар және тауарлық-материалдық құндылықтар мен өзге де меншік Үкімет пен ФАО арасында келісілген ережелер мен талаптарға сәйкес және Үкіметке немесе ол тағайындаған өзге де мекемеге қолданылатын донорлық талаптарды ескере отырып берілмегенге дейін ФАО-ға тиесілі.

5. Үкімет ФАО ұсынатын көрсетілетін қызметтерді анағұрлым тиімді пайдалану үшін бар күш-жігерін салады және бұл көрсетілетін қызметтерді арнайы мақсаттар үшін пайдаланады.

6. Жобаны іске асыру үшін басқа дереккөздерден көрсетілетін қызметтер түскен жағдайда АШМ мен ФАО алынатын көрсетілетін қызметтерді тиімді үйлестіру және пайдалану үшін консультациялар жүргізеді.

7. Үкімет ФАО-ға әр жоба сайтында ФАО қолдайтын және белгіленген пен Донорды (Донорларды) атайтын жоба ретінде оны сәйкестендіретін тиісті белгілер орнатуға рұқсат береді.

## **5 бөлім. Басшылық етуші комитет**

1. Бірлескен Басшылық етуші комитет қолдау көрсетілетін бастамалардың үй шаруашылықтарының азық-түлік қауіпсіздігіне үлес қосуына, ауыл халқының тіршілік етуіне қаражат көздерін жақсартуға және кедейлікті қысқартуға бағытталуын қамтамасыз ете отырып, ФҚӘБ үшін саясатқа басшылық ету және жалпы бағдар үшін және Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі дүниежүзілік саммитінің мақсаттарына, Мыңжылдықты дамыту мақсаттарына (МДМ) және ФАО-ның стратегиялық мақсаттарына және міндеттеріне сәйкес құрылатын болады. Сондай-ақ ол:

i. бюджет жобасын қоса алғанда, ФАО жоба тұжырымдамасы туралы жазбанысанында дайындайтын жобалық ұсыныстарды қайта қарайтын және мақұлдайтын болады. Бюджет ФАО толық жобалық құжатта көрсеткен стандартты құрамбөліктерге және кіші құрамбөліктерге сәйкес баптар бойынша бөлінетін болады;

ii. Елде іске асырылатын (БНҚ) ФҚӘБ қолдайтын бағдарламалардың/жобалардың жыл сайынғы орындалуын және олардың нәтижелерін бағалайтын болады;

iii. бір уақытта жалпы тақырыптық және бағдарламалық тәсілге қол жеткізуге үлес қоса отырып, Басшылық етуші комитет мүшелері болып табылатын ұлттық мекемелер, басқа донорлар және Халықаралық қаржы мекемелері (ХҚМ) арасындағы елдік және субөңірлік деңгейдегі ықтимал өзара іс-қимылды (бірлесіп қаржыландыруды қоса алғанда) анықтауға және ілгерілетуге жәрдемдесетін болады;

iv. басқа мониторингтік және/немесе бағалау есептері сияқты жыл сайынғы қаржылық есепті және ФҚӘБ іске асыру туралы қысқартылған қысқаша жылдық есепті қайта қарайтын және мақұлдайтын болады.

2. Үкіметінің Өкілі және Елдегі Бюро Басшысы бірлескен Басшылық етуші комитеттің тең төрағалары болады. Оның мүшелерін АШМ мен Елдегі Бюро тағайындайтын болады. Өңірлік және халықаралық органдарды және ХҚМ-ды қоса алғанда, тиісті үкіметтік мекемелердің немесе өзге тиісті мемлекеттік және жеке ұйымдардың өкілдері пікірталастарға қатысу үшін Басшылық етуші комитеттің отырыстарына шақырылуы мүмкін.

3. АШМ мен ФАО тұрақты түрде ақпарат алмасуды ілгерілету үшін кемінде жылына бір рет Басшылық етуші комитеттің отырысын өткізеді. Оған қосымша, АШМ және ФАО осы Қосымшадан туындайтын барлық мәселелер бойынша тұрақты бірлескен консультациялар мен пікір алмасу жүргізеді.

## **6 бөлім. Жобаларды мақұлдау және қаржылай қаражатты аудару**



1. Үкіметтік мекемелер ұсынатын жобалар үшін қаржылай қаражат 3 бөлімде көзделгендей, ФАО-ның мынадай шотында орналастырылады:

Шоттың атауы: FAO Trust Fund (USD)

Банктің атауы 452 Fifth Ave.

New York, NY, USA, 10018

Swift/BIC: MRMDUS33

ABA/Bank Code: 021001088

Шоттың нөмірі 000156426

Төлемнің мақсаты GIN C/KAZ/xxx/KAZ)

2. Тиісті үкіметтік мекеме ФАО, Қаржы бөлімінің жоба бухгалтерлік есеп тобының басшысына әрбір жүргізілген төлемге сәйкес келетін банктік төлем тапсырмасынан үзінді-көшірме жолдайды.

3. ФАО төлемді ФАО қағидаларына және ережелеріне сәйкес жобалардың жеке шоттарынан жүргізеді.

## **7 бөлім Міндеттеме және келісу**

1. Осы Қосымшаға сәйкес жобаларды және бағдарламаларды тұжырымдауды, іске асыруды және мониторингілеуді АШМ үйлестіре отырып және оның жауапкершілігімен ФАО және үкіметтік мекемелер жүргізеді.

2. ФҚӘБ шеңберіндегі дара жобалар осы Қосымша ережелерімен регламенттеледі. Әрбір дара жобаның Жобалық келісімді қамтитын беті болады. Осы Жобалық келісім қаржыландыру шарттарын ескереді және жобаға Үкіметті тарту мен Үкіметтің ең жоғарғы үлесін жоспарлаудың басталу және аяқталу күнін қоса алғанда, уақыт кестесін қамтиды. Осындай Жобалық келісім АШМ-ға немесе мүдделі үкіметтік мекемеге жолданады, олар қабылдаған жағдайда, өз тарапынан нақты жобаға байланысты келісім болып табылатын, қол қойылған дананы ФАО-ға жібереді. Үлгілік Жобалық келісім осы Қосымшаға 2-қосымша ретінде қоса беріледі. АШМ немесе мүдделі үкіметтік мекеме Жобалық келісімді осы бөлімге сәйкес қабылдағаннан кейін ФАО жобаны іске асыру басталғанға дейін көмек алатын үкіметтермен (ЫҮБ жобалары / бағдарламалары үшін) іске асыру туралы келісімге қол қояды.

3. Үкіметтің қаржылық міндеттемелері АҚШ долларымен көрсетіледі.

4. Үкіметтің міндеттемелері жоба мақсаттарына қол жеткізу үшін жеткіліксіз болса АШМ мен ФАО осы Қосымшаның 5 бөлімі 1-тармағына сәйкес консультациялар өткізеді.

## **8 бөлім. Бағдарламаны басқару бөлімшесі және жобаларды іске асыру**

1. Бюро Басшысы ФҚӘБ үшін ФАО Үйлестірушісі ретінде әрекет етеді және ФҚӘБ барлық аспектілері, саяси, техникалық, қаржылық және дара жобалардағы нақты

айқындалмаған әкімшілік істер бойынша Елмен байланыс үшін жауапкершілікті өзіне алады. ФҚӘБ ауқымына қарай оған тиісті штаб-пәтерлермен, өңірлік және субөңірлік Бюролармен бірлесіп мынадай функцияларды: бағдарламаны басқару, операциялық және қаржылық мәселелер, мониторинг және бағалау, сатып алу және қолдау қызметін орындау үшін таңдап алынған халықаралық және ұлттық штаттық қызметкерлерден құралған Бағдарламаны басқару бөлімшесі жәрдемдесе алады. Бағдарламаны басқару бөлімшесінің (БББ) құрылымы, міндеттемелері және міндеттері ауқымы, сондай-ақ оған қатысты қаржыландыру БНҚ жеке жобалық құжатында ескерілетін болады.

2. АШМ іске асыруға, үйлестіруге және келесі жобалық қызметке Елдің қатысуын ынталандыру және іске асырудың бірыңғай стандарттары мен әдістерін белгілеу мақсатында ФҚӘБ үшін байланыс адамы ретінде жоғары лауазымды қызметкерді айқындайды.

3. ФАО жобаны немесе қызметті уақтылы қамтамасыз ету және толық іске асыру үшін барлық ықтимал күш-жігерін салады. Жобалық құжаттаманы тұжырымдауға арналған қаржы бөлу ФҚӘБ арқылы қолжетімді болады. ФАО осы Қосымшаға және әрбір Жобалық келісімге сәйкес өз қызметтік міндеттемелерін орындауға өзінің жеке істерін регламенттеу және басқару кезіндегі сияқты мұқияттылық танытады.

4. Осы Қосымшаға сәйкес қызмет Елдің аумағында жүзеге асырылатын шамада мыналар қолданылатын болады:

i. Осы Қосымшаны орындауға байланысты барлық мәселелер бойынша Ел ФАО-ға, оның меншігіне, қорларына, активтеріне, лауазымды адамдарына және осы Қосымшаға сәйкес жұмыстарды орындау үшін ФАО тағайындаған кез келген адамға Үкіметі мен Келісімнің ережелерін қолданады.

ii. ФАО мен Ел арасындағы келісім бойынша осындай наразылық пен жауапкершілік шектен тыс ұқыпсыздық немесе мұндай персонал немесе адамдарға теріс ниетті әрекеттер салдары болып табылатын жағдайларды қоспағанда, Ел ФАО-ға, ФАО ұсынатын кепілдіктер қолданылмайтын, ФАО үшін жұмыстарды орындайтын және қызметтер көрсететін оның лауазымды адамдарына және өзге адамдарына, ол үшін лауазымдық міндеттерін орындайтын оның лауазымды адамдары мен өзге адамдарына үшінші тараптың наразылықтарын қарау және реттеу үшін жауапкершілікті өзіне алады.

5. Қызметі Елдің аумағында жүзеге асырылатын болған кезде, ФАО Үкіметпен өзара келісу негізінде және ФАО қағидалары мен тәжірибесіне және мақұлданған жобалық құжатта берілген шарттарға сәйкес өз жауапкершілігін толығымен немесе жобаның кез келген бөлігінде бере алады және/немесе басқа біреуге сеніп тапсыра алады.

6. ФАО байланысқан жобалық құжатқа сәйкес ФАО қағидалары мен әкімшілік рәсімдерінде көрсетілген және оларға сәйкес ФАО ішкі сатып алу рәсімдері негізінде тауарларды, жұмыстарды және/немесе консультациялық қызметтерді сатып алады.

Барлық материалдар, жабдықтар және материалдық-техникалық құралдар мүдделі жобаларды орындау үшін ғана пайдаланылатын болады, ал оларды сатып алу, пайдалану және оларға билік ету ФАО қағидалары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылатын болады. ФАО барлық жабдықтарға, материалдық-техникалық құралдарға және жарнадан қаржыландырылатын өзге меншіктерге иелік етуге бекітілген. Үкімет жарналары есебінен сатып алынған барлық тауарлар және жабдықтар жоба аяқталғаннан кейін АШМ мен ФАО басқа шешім қабылдамайтын жағдайда ФАО-ның жоба бойынша немесе даму мақсаттары үшін контрәріптесіне ұсынылатын болады.

7. ФАО сарапшылары ФАО персоналына қолданылатын ережелер мен талаптарға сәйкес жалдайтын болады. Олар барлық жағынан ФАО-ның штаттық қызметкерлері санаты бойынша сараланады және өздерінің лауазымдық міндеттерін орындағаны үшін тікелей ФАО алдында жауапкершілікте болады. Ғылыми қызметкерлер және мамандар санаттарының қауымдастырылған қызметкерлері ФАО қағидалары мен ережелеріне сәйкес тағайындалады.

8. ФҚӘБ қаржыландыратын жобалар үшін мамандарды анықтаған кезде, Үкіметтің тағайындаулары үміткерлер біліктілігі мен тәжірибесіне сәйкес келу шартымен тағайындауы ескереді.

9. Егер ФАО нақты орындалу күнінен едәуір кеш мерзімге, екі немесе одан да көп айға ауыстыру туралы алдын ала ескертсе, ФАО қол қойылған Жобалық келісімге сәйкес АШМ-ге жазбаша түрде хабарлайды және түзетілген кестені ұсынады.

10. Егер Жобаны іске асыру осылай расталса, ФАО АШМ-ді іске асырудағы кез келген өзгеріс туралы хабардар ету үшін ағымдағы жобалардың қайта қаралған бюджетін ұсынады. Бұл жағдайда мыналар:

i. егер қайта қарау қосымша қор қажеттілігін және/немесе жобаның әрекет ету мерзімін ұзартуды немесе Жобалық келісімге өзге кез келген өзгерісті талап етуді көздесе, ол АШМ-ге немесе мүдделі үкіметтік мекемеге мақұлдау үшін ұсынылатын болады. Мұндай қайта қарауды мақұлдау, Жобалық келісімге қосымша ретінде ресми түрде ресімделеді;

ii. егер қайта қарау жобаның бюджеттік желілері арасында қаражатты қайта бөлместен, қызметті кезең-кезеңмен өзгертуді ұсынса, ФАО оны тек хабарлау және тіркеу үшін жолдайды. Ондай өзгеріс Жобалық келісімге қосымшаны қажет етпейді;

iii. егер қайта қарау жобаның бюджеттік желілер арасында қаражатты 20%-дан асатын мөлшерде қайта бөле отырып қызметті кезең-кезеңмен өзгертуді ұсынса, ФАО оны мақұлдауға жібереді. АШМ немесе мүдделі үкіметтік мекеме тарапынан ФАО үшін өзге ақпарат болмаған жағдайда, ФАО-дан қайта қаралған бюджетті алғаннан кейін кемінде үш аптадан кешіктірмей, ұсынылған өзгерістер мақұлданған болып саналатын болады. Мұндай өзгеріс Жобалық келісімге толықтыруларды қажет етпейді; және

iv. егер қайта қарау, жұмыс жоспарын өзгертуді, жалпы енгізілетін және/немесе шығарылатын ресурстардың өзгеруін көздесе, бірақ жалпы мақсаттарды немесе жобаның жалпы бюджетін өзгертпесе, ФАО оны АШМ-ге және мүдделі үкіметтік мекемеге мақұлдауға ұсынады. АШМ немесе мүдделі үкіметтік мекеме тарапынан ФАО үшін өзге ақпарат болмаған жағдайда, ФАО-дан қайта қаралған бюджетті алғаннан кейін үш аптадан кешіктірмей, ұсынылған өзгерістер мақұлданған болып саналатын болады. Ондай өзгеріс Жобалық келісімге толықтыруды қажет етпейді.

## **9 бөлім. Жобалық ақпарат**

1. Үкімет ФАО-ның талабы негізінде ФАО-ның іске асыруды жалғастыратын кез келген жобасына, оның орындалуына немесе осы Қосымшаға немесе жобалық құжатқа сәйкес Үкіметтің өзіне алған жауапкершілігіне сәйкес келуіне қатысты оның талап етуі бойынша іске қатысты нақты техникалық есептермен, картограммалармен, қаржылық есептілікпен, есептік құжаттамамен, есептермен және өзге ақпаратпен қамтамасыз етеді.

2. ФАО осы Қосымшаға сәйкес қызметтің орындалу барысы туралы Үкіметті хабардар ету міндеттемесін өзіне алады. Әрбір Тарап кез келген уақытта ФАО жобалары бойынша қызмет барысын бақылауға құқылы.

3. Үкімет ФАО жобасын орындау жөнінде, оның талап етуі бойынша, ФАО-ға билік етуіне оны бағалау немесе ФАО қызметтерін бағалауға қатысты қажетті немесе тиісті ақпараттарды қоса алғанда, осы жобаның мақсатына жетуге ықпал ету жөнінде қызметіне қатысты алынған пайдасы туралы ақпаратты ФАО-мен кеңеседі және осы мақсатта бақылау жүргізуге рұқсат етеді.

4. Үкіметтен кеңес алғаннан және Үкіметтің мақұлдауынан кейін кез келген инвестициялық-бағдарламалық жобаларға қатысты ақпаратты әлеуетті инвесторларға ФАО жария етуіне болады.

5. Елде осы Қосымшаға сәйкес ФАО-ның қызметіне қарасты интеллектуалдық мүлік объектілерінің кез келген өнімі мен жұмысына патенттік құқық, авторлық құқық және өзге де құқықтар ФАО мен Үкімет бірлесіп бекітілетін болады. Мұндай бірлесіп бекітілген құқықтармен екіншісінің мақұлдауын қажетісінбей, әр тарап кез келгені еркін билік жүргізе алады.

## **10 бөлім. Жобаларды іске асыруға Үкіметтің қатысуы және жарнасы**

1. Осы Қосымшаға сәйкес, ФАО іске асыратын жобаларды орындауға қатысу және ынтымақтастық жөнінде Үкіметтің жауапкершілігін орындау үшін, ол жобалық құжаттарға байланысты егжей-тегжейлі сипатталған, материалдық нысанда және мөлшерде мынадай:

i. жұмыс атқарып жатқан мамандардың ұлттық контрәріптестерін қоса алғанда, жергілікті контрәріптестердің кәсіби және өзге қызметтеріне;

ii. жер, ғимараттар, оқу және Елдегі қолжетімді өзге материалдық-техникалық базаға; және

iii. елдегі қолжетімді немесе өндіріліп жатқан жабдық, материалдар және материалдық-техникалық құралдарға үлес енгізеді.

2. Сондай-ақ Үкімет ФАО-дан жарналар шегінде уағдаластық бойынша келісілген сатып алуды талап ете алады және ол төлейді немесе жобалық бюджетте көрсетілген мөлшерде талап етілетін соманы ФАО-ның төлеуі туралы уағдаласады. Жоғарыда көрсетілген сомаларды Бас директор осы мақсатқа арналған шотқа енгізілетін болады және оған билік ету ФАО қолданатын қаржылық нұсқаулықтарға сәйкес жүргізілетін болады.

3. Жабдықтарды беру ФАО-ның Үкіметке көрсететін қызметтерінің бөлігі болып табылатын барлық жағдайларда, кедендік тазарту мен ондай жабдықты шығаруға байланысты шығыстарды, оны ілеспе орын ауыстыру және қоймаға қоюмен қатар, мемлекеттік шекара арқылы өткізу пунктiнен жобаны iске асыру орнына дейiн тасымалдау және осыларға байланысты шығыстарды, жобаны iске асыру орнына жеткізгеннен кейiн оны сақтандыру, орнату және техникалық қызмет көрсету шығыстарын соңғысы төлейдi.

4. Үкіметтің жобадағы жарнасын құрайтын заттардың құны және осы бөлімнің орындалуы үшін Үкімет төлейтін, жобалық бюджетте егжей-тегжейлі сипатталған, осындай жобалық бюджеттерді дайындау кезінде қолжетімді болған толық ақпаратқа негізделген кез келген сомалар бағалау болып есептеледі. Мұндай сомалар кейіннен алынған кез келген заттың нақты құнын көрсету үшін, қажет болған жағдайда түзетуге жатады.

## **11 бөлім. ФАО-ға жәрдемдесуді жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар**

Үкімет осы Қосымшаға сәйкес қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіруі мүмкін нұсқамалар немесе өзге құқықтық нормалардан ФАО-ны, оның қызметкерлері мен мамандарын босату үшін Үкімет ФАО-ның қызметін тез және тиімді іске асыру үшін қажет болатын барлық тиісті шараларды қолданады және оларға осындай өзге қолайлы шарттарды ұсынады. Оның ішінде мынадай:

i. мамандарға дереу рұқсат беру;

ii. дереу тегін қажетті виза және рұқсаттар беру;

iii. жұмыс орнына рұқсат және жүруге керекті құқықтарға рұқсат беру;

iv. ФАО-ның лауазымдық қызметтік міндетін орындау үшін қажетті елдің шегінде немесе елге кіру немесе оның шегінен тыс шыққан кезде еркін қозғалуға;

v. валюта айырбастаудың ең қолайлы ресми курсына;

vi. жабдықтардың, материалдардың және материалдық-техникалық құралдардың импорты үшін және оларды әрі қарай экспорттау үшін кез келген рұқсаттарға;

vii. vi. тармақшасынан жоғарыдағы көрсетілген заттарды кедендік тазалау мүмкіндігінше қысқа мерзімде жүзеге асыруға болатын құқықтық және қолайлы жағдайды ұсынады.

## **12 бөлім. Қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату**

1. Егер ФАО-ның пікірі бойынша оның мақсаттарға жетуіне немесе жобаның табысты аяқталуына қауіп төндіретін кез келген жағдай туындағанда, ФАО Үкіметтің жазбаша хабарламасы арқылы кез келген жоба бойынша қызмет көрсетуді тоқтата алады. ФАО өзінің немесе келесі жазбаша хабарлама арқылы жағдайды көрсетіп, жобаға қызмет көрсетуді жалғастыруға ол дайын болатын болады.

2. Егер жағдай жоғарыда көрсетілген тармақтағыдай ол туралы хабарламадан кейін отыз күннің ішінде өзгеріссіз жалғаса беретін болса және және ФАО тарапынан Үкіметке хабарланса, мұндай жағдайда кез келген уақытта жалғастыру үшін ФАО-ның жазбаша хабарлауы арқылы Үкімет жобаға қызмет көрсетуді тоқтата алады.

3. Осы бөлімнің ережесін кез келген өзге құқықтық немесе оларды қорғайтын құралдармен шектемейді, жалпы құқықтық принциптерге сәйкес және өзге түрде ФАО бұл жағдайларда иелене алады.

## **13 бөлім. Ақша қаражат басқару**

1. Осы Қосымшаның шеңберінде, ФАО АШМ-мен кеңескеннен кейін, техникалық ықпалды және/немесе төтенше жәрдем жобаларды жүзеге асырады және ФАО-ның қаржылық нұсқауларына және басқа қолданылатын нормаларға, ережелерге, рәсімдерге және кәсіптік танылған бухгалтерлік есеп мен практикаға сәйкес келетін практикаға сәйкес осы мақсат үшін АШМ немесе үкіметтік мекемелер ұсынған ақша қаражатына билік етеді. Жарналар 7 бөлімнің көрсетілгендей, Жобалық келісімнің мәні болып табылатын жобаларды ғана қолдау үшін пайдаланылатын болады. Барлық қаржылық есептілік және құжаттамалар АҚШ долларында көрсетіледі.

2. Осы Қосымшаға сәйкес қаржыландырылатын қызметке қатысты ФАО тартқан барлық қаржылық міндеттемелер мен шығыстар қаржылық операция жүргізу күніне қолданылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының айырбастау бағамына сәйкес АҚШ долларында көрсетіледі.

3. ФАО-ның қаржылық нұсқауларына сәйкес техникалық және консультациялық қосымша көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, Жобалық келісімге сәйкес ФАО тартқан барлық тікелей шығыстар жоба бюджетінен қаржыландырылады. ФАО-дан қызметті бастауға немесе ФАО тиісті жоғарыда көрсетілген төлемдерді алғанға дейін қызмет көрсетуді жалғастыру талап етілмейді, және одан жоғарыда көрсетілген шотқа

ауыстырылған қорды артық жұмсаған жағдайда кез келген жауапкершілікті мойнына алу талап етілмейді.

4. Жобалық смета ФАО-ның жобалық шығыстарын мақұлдау ретінде ФАО-ның басқару органдары сондай ара-тұра түзейтін қолдау саясатына сәйкес жобаны іске асыруға байланысты келтірілген Ұйымның қаржылық өтеуіне жанама әкімшілік және операциялық шығыстарды (жобаның қызмет көрсету құны) аудару кіреді.

5. Жоспарланбаған шығыстар жалпы жоба шығыстарының 5% ең жоғары мөлшерінде сметаға енгізілуі мүмкін.

6. ФАО тиісті шығыстарды есепке алу үшін әрбір жобаға мақсатты қордың жеке есепшотын (ЖНҚ) бекітеді. Жобалық символға кіретін мақсатты қордың нөмірі әрбір жеке Жобалық келісімде көрсетіледі. Әрбір мақсатты қордың есепшотында өзі жататын жобаның барлық қаржылық операциясын жеке-жеке ескереді. ФАО жыл сайын осы Қосымшаның 6 бөлім 1-тармағында көрсетілген GINC/KAZ/XXX/KAZ мақсатты қор есебінен жеке жобалар тартқан шығыстарды жабу үшін жеткілікті қор аударарды.

7. Депозиттелген ақша қаражаттарына есептелетін барлық пайыздар ФАО-ның қағидалары мен ережелеріне сәйкес есептеледі және осы Қосымшаның 6 бөлімі 1-тармағында көрсетілген шотқа енгізіледі. Барлық міндеттемелер мен қаржылық жауапкершілікті орындағаннан кейін, жұмсалмай қалған кез келген нақты жарнаның сальдосы, сондай-ақ осы шотқа қосылады.

8. GINC/KAZ/XXX/KAZ шотының сальдосы АШМ және ФАО арасындағы келісу бойынша, егер АШМ немесе мүдделі үкіметтік мекеме қаржы көзіне қайтаруды талап ететін болса, тұжырымдауға, бағалауға, ынтымақтастықты дамытудың өзге мақсатына немесе кез келген басқа қызметке жұмсалуды мүмкін.

9. Осы Қосымшаға сәйкес жобалар үшін АШМ немесе мүдделі үкіметтік мекемелер ФАО-ға аударған қолдағы қаржының жалпы сомасы қажет болған жағдайда әрбір жеке жобалар үшін мақұлданған бюджеттен аспайтын мөлшерде тұрақты негізде шығыстарды жабуға қолжетімді болады.

## **14 бөлім. Жұмыс барысы және есептілік**

1. ФАО қадағалау, жұмыс барысы және аяқталуы, қадағалау туралы қысқаша баяндалған есепті беру арқылы осы Қосымшаға сәйкес әрбір жобаның жұмыс барысы/ қызмет түрі туралы АШМ-ге хабарлап отырады.

2. Есептілік ФАО-ның қағидаларына және практикасына сәйкес жүргізіледі. Осы Қосымшаға сәйкес әрбір жоба үшін ФАО АШМ-ге ұсынады, егер өзгеше ескерілмесе:

- АШМ немесе әрбір үкіметтік мекемелер іске асырған жобалар мен бағдарламалар арқылы қол жеткізілген нәтижелерді көрсете отырып және 30 сәуірге дейін ұсына отырып, қыркүйек-ақпан аралығындағы кезеңді қамтитын бюджетті қайта қарастыру бойынша ұсыныс қамтитын жұмыс барысы туралы жарты жылдық есеп-сипаттаманы;

30 қазанға дейін ұсына отырып, бюджетті қайта қарастыру бойынша ұсыныс жүргізу кіретін жұмыс барысы туралы жарты жылдық есеп-сипаттаманы наурыз-тамыз аралығындағы кезеңге;

- шоттан жарты жылдық қаржылық үзінді көшірмені:

i. ФАО шоттарының жоспарына сәйкес негізгі бюджеттік желі бойынша мақұлданған бюджетті;

ii. негізгі ауытқуды қоса отырып, негізгі бюджеттік желі бойынша келтірілген шығындарды;

iii. АШМ немесе үкіметтік мекемелер аударған ақша қаражаттарды; және

iv. алдағы кезеңге қажетті ақша қаражаттарды қоса;

- жоба аяқталғаннан кейін төрт ай мерзімде ұсынылған, жобаны толық іске асыруды түгел қамтитын шолу қамтылған, жобаның аяқталуы бойынша түпкілікті есепті;

- аяқталған жоба туралы түпкілікті қаржылық есеп жоба аяқталғаннан кейін он сегіз ай ішінде ұсынылады.

3. Ерекше елдердің жобаларына қатысты ФАО жоғарыда көрсетілген есептердің көшірмелерін тікелей АШМ-нің билік етуіне ұсынады.

4. ФАО әрбір жарты жыл сайын Басқарушы комитет пен АШМ-ге GINC шоты туралы қозғалыс және қаржылық есеп туралы қысқаша есепті ұсынады. АШМ мен ФАО шоттағы жинақталған қаражаттарды қолдану үшін нақты ұсыныстарды ұсына алады, ал, ФАО АШМ мұндай ұсыныстарды мақұлдағаннан кейін осы қаражатты тек тиімді пайдаланатын болады. Осы қаражаттарды пайдалану осы Қосымшаның 5 бөлімінде баяндалған Басқарушы комитеттің жыл сайынғы отырысында қарастырылатын болады.

5. ФАО АШМ алдында немесе мүдделі үкіметтік мекемелердің алдында ФАО АШМ немесе мүдделі үкіметтік мекемелердің атынан билік ететін қаражаттарға қатысты АҚШ долларында есеп береді.

## **15 бөлім. Бағалау**

1. Тәуелсіз бағалауды жүргізу туралы ереже ФАО Кеңесінің 132-ші сессиясында қабылдаған шешімдеріне сәйкес ресімделетін болады.

2. АШМ өкілдері қажет болған жағдайда осы Қосымшаға сәйкес жобаға қатысты қайта қарауға, мониторинг жүргізуге және орындалған тапсырмаларға баға беруге қатысуға мүмкіндік алады. ФАО АШМ-ді кез келген бағалау барысы және жобаның аяқталуы жөнінде хабардар етеді және АШМ-ге қатысуға шақырады.

## **16 бөлім. Бухгалтерлік есептілік және аудиторлік бақылау**

1. ФАО осы Қосымшаға қатысты қаржы операциялары:



а. ФАО-ның қолданылатын қаржылық нұсқаулықтарына, қағидаларына және директиваларына сәйкес қатаң жүргізілетінін;

б. ФАО-да қолданылатын қолданыстағы қаржылық нұсқаулықтарға, қағидаларға және директиваларға негізделген бақылаудың ішкі рәсімдерін қолдана отырып тексерілетінін; және

с. аудиторлік бақылаудың ішкі және сыртқы рәсімдеріне ғана жататынын растайды.

2. ФАО АШМ-нің билік етуіне Екі жылдық қаржы есебін және тексерілген қаржы есептілігін, Конференцияның қарауына және қабылдауына ұсынылған түрде береді.

## **17 бөлім. Айқындығы**

АШМ мен ФАО ФҚӘБ шеңберінде іске асырылатын әрбір жоба АШМ және қажет болған жағдайда мүдделі үкіметтік мекемелер қаржыландыру көзі ретінде көрсеткен айқындылықтың маңыздылығын мойындайды және онымен келіседі. ФАО-ның логотипіне қосымша АШМ логотипімен және қажет болған жағдайда мүдделі үкіметтік мекемелердің логотипімен ілесіп жүретін идентификатор жобаның фирмалық бланкілері, оқыту семинарларына арналған материалдар немесе баннерлер сияқты оқу материалына енгізілетін болады.

## **18 бөлім. Қорытынды ережелер**

### **Қолданылатын құқық**

1. ФҚӘБ және басқа кез келген құжат немесе осыған жататын келісім кез келген жеке ұлттық құқық жүйені ескермей, заңнаманың жалпы қағидаттарымен регламенттеледі.

### **ФҚӘБ аяқталу мерзімі**

2. Келісімнің аяқталуы осы Қосымшаға сәйкес жүзеге асырылатын Жобалық келісімнің және/немесе бағдарламалардың жарамдылығына және қолданыс мерзіміне әсер етпейді. Осы Қосымшаға сәйкес АШМ мен ФАО қабылдаған міндеттемелер Келісімнің қолданысы тоқтатылғаннан кейін персоналға, қосалқы мердігерлерге, консультанттарға немесе жеткізушілерге қатысты қызметті ұйымдастырып аяқтау, персоналды, қаржылық құралдар мен мүлікті шығару, осы Қосымша бойынша АШМ мен ФАО арасында есептерді аяқтау және қажетті келісім-шарт міндеттемелерін аяқтау үшін қандай түрде қажет болса, сондай күшінде қалады.

### **Жобаның ережелері мен шарттарын өзгерту**

3. АШМ мен ФАО осы Қосымшаға сәйкес жүзеге асырылатын ережелер мен жобалар шарттарының кез-келген елеулі өзгерісі туралы бір-бірін дереу хабардар етеді. Мұндай өзгерістер олардың өздерінің қағидалары мен ережелеріне сәйкес өзара жазбаша келісуді талап етеді. Мұндай түзетулер хабарламадан кейін бір айдан соң күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі және Біріккен Ұлттар  
Ұйымының Азық-түлік және  
ауыл шаруашылығы ұйымы  
(ФАО) арасындағы Қазақстан  
Республикасындағы ФАО  
Байланыс және әріптестік  
жөніндегі бюросын құру туралы  
келісімнің  
II қосымшасына  
I қосымша

## АҚША ҚАРАЖАТЫН АУДАРУ ТУРАЛЫ ШАРТ

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) арасындағы Қазақстан Республикасындағы Байланыс және әріптестік жөніндегі ФАО Бюросының құрылуы туралы келісім (.....) жасалғандықтан;

Жоғарыда айтылған Келісімнің ережелері Ақша қаражатын аудару туралы осы шартқа қолданылатындықтан;

[Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі "АШМ" деп аталатын) немесе мүдделі үкіметтік мекеме] Қазақстан-ФАО Әріптестік бағдарламасына салым ретінде USD..... көлемінде қаражат бөлуді шешкендіктен;

ФАО жоғарыда айтылған қаржылық қолдауды жоғарыда көрсетілген Келісімде белгіленген шарттарда қабылдауға дайын болғандықтан;

Осыған байланысты (АШМ немесе мүдделі үкіметтік мекеме) және ФАО мыналар туралы уағдаласты:

1. Қаржылық қолдау (.....) бастап (.....) дейінгі кезеңге беріледі.

2. Ақша қаражаттарын аудару туралы осы шартқа қол қойылғаннан кейін [АШМ немесе мүдделі үкіметтік мекеме] Қазақстан Республикасының Үкіметінен жарналар алу үшін ФАО белгілеген GINC/KAZ/xxx/KAZ сілтемесімен жоғарыда аталған келісімнің II қосымшада көзделген есепшотқа соманы орналастырады.

3. АШМ [немесе Қазақстан Республикасы мүдделі үкіметтік мекеме] және ФАО жобалық құжатқа қол қойғаннан кейін, ФАО алынған қаражатты нақты жобаларға бөлетін болады.

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, [АШМ немесе мүдделі үкіметтік мекеме] және ФАО Ақша қаражатын аудару туралы осы шартқа әрқайсысы ағылшын және орыс тілдерінде екі данаға қол қойды

[Қазақстан Ауыл министрлігі үкіметтік	немесе мекеме]	Республикасы шаруашылығы мүдделі үшін	Біріккен түлік Ұйымы	Ұлттар және	Ұйымының ауыл	Азық- шаруашылығы үшін
--	-------------------	--	----------------------------	----------------	------------------	------------------------------

Орны және күні

Орны және күні

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі және Біріккен Ұлттар  
Ұйымының Азық-түлік және  
ауыл шаруашылығы ұйымы  
(ФАО) арасындағы Қазақстан  
Республикасындағы ФАО  
Байланыс және әріптестік  
жөніндегі бюросын құру туралы  
келісімнің  
II қосымшасына  
2 қосымша

## ЖОБАЛЫҚ КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) арасындағы Қазақстан Республикасындағы Байланыс және әріптестік жөніндегі ФАО Бюросының құрылуы туралы келісім (бұдан әрі - Келісім) (.....) жасалғандықтан;

Жоғарыда көрсетілген Келісімнің ережелері осы Жобалық келісімге қолданылатындықтан;

[Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - "АШМ" деп аталатын) немесе мүдделі үкіметтік мекеме] ФАО жобасын (.....) барынша жоғары көлемде USD..... қолдауды шешкендіктен;

ФАО жоғарыда айтылған қаржылық қолдауды жоғарыда көрсетілген Келісімде белгіленген шарттарда қабылдауға дайын болғандықтан;

Осыған байланысты (АШМ немесе мүдделі үкіметтік мекеме) және ФАО мыналар туралы уағдаласты:

1. ФАО ортақ шоттан жобаның мақсатты қорының есепшотына қажетті қаражатты бөлетін болады.

2. Қаржылық қолдау (.....) бастап (.....) дейінгі кезеңге берілетін болады.

3. ФАО осы Жобалық келісімнің қосымшасындағы жобалық құжаттамада көрсетілгеніндей, көрсетілетін қызметті ұсынуға жауапты болады.

4. Жоғарыда көрсетілген жоба Келісімге және осы Жобалық келісімде көзделген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, [АШМ немесе мүдделі үкіметтік мекеме] және ФАО осы Жобалық келісімге әрқайсысы ағылшын және орыс тілдерінде екі данаға қол қойды

[Қазақстан  
Ауыл  
министрлігі  
үкіметтік

немесе  
мекеме]

Республикасы  
шаруашылығы  
Біріккен Ұлттар  
Ұйымының  
Азық-  
түлік және ауыл шаруашылығы  
үшiн

Орны және күні

Орны және күні

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Бұдан әрі Келісімнің ағылшын тіліндегі мәтіні берілген.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК